



Ойын-сауық:

Қошбол - Алтын күз

Орта «Назерке» тобы
Тәрбиеші: Рыскелді.С
2019-2020жыл

«Алтын күз» мерекесі

Мақсаты: «Алтын күз» мерекесінің кереметтерін күз-байлық, күз-береке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екеніні бала санасына жеткізу.

Кейіпкерлер: Бұлт, Күн, Алтын күз.

(Балалар ән ырғағымен залға кіріп, шеңбер бойынша тұрады).

Жүргізуші:

Құрметті қадірменді қонақтар, құрметті ата –аналар баршаңызға күз мерекесі құтты болсын. Бүгін біз сіздермен, жылдың ең тамаша мезгілі Қош бол Алтын күз атты ертеңгілігімізді тойлаймыз. Қош келдіңіздер.

Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл, жарқын жүз.

Сары алтынға малынған,
Жетті міне, алтын күз!

–Бүгін біздің зал қандай әдемі, қаншама
түрлі – түсті жапырақтарға толы. Балалар, бүгін бізде қандай мейрам?

Балалар: Күз мейрамы!

Күз мезгілде қандай табиғат өзгерістері болады ?

Жарайсындар балалар

Айбибі:

Алтын, сары, қызы, көк,
Алуан – алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады жадырап

Бақдаулет:

Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көп егін.

Бұл күндері киіпті
Сары жібек көйлегін.

Мұхаммед:

Ой,балалар, балалар,
Қонырқай күз болыпты
Құлап жапырақ солыпты.

І.Айзере:

Ой,балалар,балалар,
Ел егінін орыпты
Қамбалары толыпты.

Қ.Кәусар:

Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Хантөре:

Ән салындар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық
Би билейік, ойнайық.

Жүргізуші :

Ал балалар ән салыңдар, ойнайық
Босқа қарап тұрмайық
Орнымыздан тұрып қап-қап әнінін айтайық

Ән: «Қап-қап, тук – тук- тук»

- 1. Кап-қап, тук-тук тук**
Тереземді кім қақты?
Таңертең жаңбыр жауып
Балаларды оятты
- 2. Кап –қап, дон – дон –дон**
Тамшылар тамыап жатыр
Егер шықсан далаға
Қолшатырды ұмытпа

(Балалар отырады, тарсылдаған жаңбырдың дауысы естіледі)

Жүргізуші: Ой, балалар! Естіп тұрсыңдар ма? Жаңбыр жауайын деп тұр.
(жаңбырдың даусымен залға бұлт кіреді)

Бұлт: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Бұлт:

Күзгі көк бұлт мен болам
Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын
Қаласам қазір сендерге
Жаңбыр болып жауамын.
(Балаларға жаңбыр шашады).

Жүргізуші:

Жаңбыр, жаумай тоқтай тұр,
Дабылыңды соқпай тұр.
Саяғыңды түгендеп,
Үйіріңді соқпай тұр!
– Біз сен жайлы би білеміз және осы биді саған сыйлаймыз.

Би: «Қолшатыр»

Бұлт: Рахмет, балалар! Қандай әдемі би! Сендер жаңбырдан
қорықпайсыңдар ма?

Балалар: Жоқ! (жүргізуші білдірмей қолшатырды алады)

Бұлт: Аяқтарыңды сулаймыз деп қорықпайсыңдар ма?

Жүргізуші: Бұлт, сенімен өте көңілді. Балалар сенімен бірге ән шырқағылары келеді.

ӘН «Топ – Топ балақан» әнін орындайды

Жүргізуші: Балалар сенімен ойнады, күлді, бірақ бізге әлі де біреу жетіспейтін сияқты. Бізде күн жоқ екен. Қане, балалар, бәріміз мейрамызға күнді қонаққа шақырайық (балалар орындарына отырып, қолдарың шапалақтап, аяқтарың тыпырлатып, күнді шақырады).
Күн келеді.

Күн: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер мені шақырдыңдар ма, достарым?

Балалар: Иә!

Күн:

Мен жарқырап төбеде
Нұрын төгіп тұрамын.
Шуақ шашып бәріне
Бала жанын ұғамын.

Бұлт:

Күн, күн, тоқтай тұр!
Сөзімен менің құлақ тұр.
Ішім толы суға,
Сусыз өмір бола ма?
– Ендеше мен бәріне керекпін, мен мықтымын!

Күн: Жоқ, мен мықтымын!

(Бұлт пен Күн дауласып, аяқтарын топылдайды)

Жүргізуші: Тынышталыңдар, дауласпандар! Балалар, Күн мен Бұлтты татуластыру үшін тақпақтар айтып берейік

Тақпақтар: Құралай:

Күзде жауын, бұлт, тұман,
Сары жапырақ жауады!
Сары құйын ұйытқан,
Сапырады ауаны

Марғұлан:

Қарсы алайық бәріміз,
Жасымыз бен кәріміз.
Қырдан кепті қыдырып,
Алтын күзге нұр төгіп.

Рамазан:

Күз келді, алақай!
Алтын келді далаға.
Дәні бітік бидайды,
Құйып жатыр қамбаға.

Күз:

Жарайсыңдар, балалар!
Күн мен Бұлт тату болса
Бәрі де көңілді.

Ендігі кезекте баллар күзге арнап тақпақтарымызды айтайық .

Ахмад:

Жеміс мол теретін
Күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген

Нұрберген:

Жеміс-жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып.

Назерке:

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Ұлдана:

Қарашы күз келді, күз келді
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.

Арсен:

Көрініп еліме
Күндері мереке
Келдіғой жеріме
Күз дейтін мереке

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!!!

Күз: Біздің достарымыз Күн мен Бұлт қайда кеткен?

Бұлт: Алтын күз, қарашы, біздің жапырақтарымыз бен тамшыларымыз сиқырлы екен!

Күн: Олар тәтті алмаларға айналып кетіпті.

(Бұлт пен Күн себеттегі алмаларды балаларға көрсетеді)

Жүргізуші: Көрдіндер ме? Балалар сендер жаңа жапырақ теріп еңбектендіңдер енді соның енді міне жемісін жеп отырсыңдар! Ендеше ешқашанда дауласпаңдар, дос болыңдар, тату болыңдар

Барлық кейіпкерлер (Күн, Бұлт, Күз): Ал, балалар, сау болыңдар!

